

**Қазақстан Республикасының аумағы бойынша кеден төлемдері мен салықтарының төленуін міндетті түрде қамтамасыз ете отырып, өткізілетін тауарлардың тізбесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 маусымдағы N 524 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 наурыздағы № 272 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.03.25 № 272 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 74-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының аумағы бойынша кеден төлемдері мен салықтарының төленуін міндетті түрде қамтамасыз ете отырып, өткізілетін тауарлардың тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2003 жылғы 4 маусымдағы  
N 524 қаулысымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасының аумағы бойынша кеден төлемдері мен салықтарының төленуін міндетті түрде қамтамасыз ете отырып, өткізілетін тауарлардың тізбесі**

**Ескерту. Тізбеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.04.14. N 353 қаулысымен.**

<u>Р/с</u>	<u>N</u>	<u>Тауардың атауы</u>	<u>ЕурАзЭҚ СЭҚ ТН коды</u>
1		Уытты сыра	220300

2	Күшейтілгендерін қоса алғанда, табиғи жүзім шарабы; 2009 тауарлық позицияда көрсетілгеннен басқа жүзім ашытқысы	2204
3	Вермуттар және өсімдіктен жасалған немесе хош иісті заттар қосылған өзге де табиғи жүзім шараптары	2205
4	Өзге де ашытылған сусындар (мысалы, сидр, перри немесе алмұрт сидрі, бал сусыны); басқа жерде аталмаған немесе енгізілмеген ашытылған сусындардан жасалған қоспалар және ашытылған сусындар мен алкогольсіз сусындардың қоспалары	220600
5	80 об % немесе одан да көп спирт концентрациясы бар денатуратталмаған этил спирті, этиль спирті және өзге де денатуратталған, кез келген концентрациядағы спирттер	2207
6	80 об % кем спирт концентрациясы бар денатуратталмаған этил спирті, спирт тұнбалар, ликерлар және өзге де спирт сусындары	2208
7	Сигарлар, ұштары кесілген сигарлар, сигариллалар және 2402 90 000 0 қоспағанда, темекіден немесе оны ауыстырғыштардан жасалған сигареттер	2402
8	Құрамында кез келген пропорциядағы темекі ауыстырғыштары бар немесе жоқ, шегетін т е м е к і	240310